

**V шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының ХІІ сессиясының 2014 жылғы 27 қарашадағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасын бекіту туралы" № 363 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 қарашадағы № 592 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 6106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 96 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 27.09.2023 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 Қаулысына сәйкес, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мақсатында, Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 363 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2898 болып тіркелген, 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 162 (1396) "Взгляд на события" газетінде, 2015 жылғы 8 қаңтардағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қарағанды қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасында (бұдан әрі – Қағида):

- 1) 1-тараудың тақырыбы келесі редакцияда баяндалсын:  
"1-тарау. Жалпы ережелер";
- 2) Қағиданың 5 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"5. "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының күші қолданылатын ардагерлерге және басқа да адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.";

3) Қағиданың 7 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізімі:

1) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;

2) Наурыз мейрамы;

3) Чернобыль АЭС-дағы апат күні;

4) Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні;

6) Қазақстан Республикасының Конституциясы күні;

7) Қарттар күні;

8) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні;

9) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.";

4) 2-тараудың тақырыбы келесі редакцияда баяндалсын:

"2-тарау. Әлеуметтік көмек Алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі";

5) Қағиданың 9 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"9. Атаулы күндер мен мереке күндерінде әлеуметтік көмек Алушылар тізбесі :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Кеңес Армиясының , Әскери – Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде);

оқу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер;

ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңес әскери контингентке қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе мерткікен, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге

қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

Ауғанстанда әскери қызметті атқару кезінде жаралану, контузия алу, мертігу салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге;

1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге;

Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға;

Чернобыль АЭС-дағы апат салдарынан мүгедек болған адамдарға, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған балаларына, Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына;

сәуле ауруының немесе мүгедек болудың салдарынан қаза болған, немесе өлімі белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-дағы апаттың ықпалына байланысты болған адамдардың отбасыларына;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен), қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғандағы тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың (хабарсыз кеткен, қайтыс болған) қайталап некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына);

жалпы ауруға шалдығу, еңбек ету кезінде мертігу нәтижесінде қайтыс болған Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен Ұлы Отан соғысына қатысушыларының екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне);

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендері және медальдарымен марапатталған тұлғаларға;

1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында алты айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған тұлғаларға;

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне;

"Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға;

75 жас және одан асқан адамдарға;

Қарағанды қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар;

АИТВ жұқтырған балаларға;

туберкулез ауруы бар адамдарға."

6) 3-тараудың тақырыбы келесі редакцияда баяндалсын:

"3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі";

7) Қағиданың 17 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"17. Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне өтінішке қоса мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды."

8) Қағиданың 18 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"18. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.";

9) 4 және 5-тараулардың тақырыптары келесі редакцияда баяндалсын:

"4-тарау. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер 5-тарау. Қорытынды ереже";

10) Қағиданың 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы*

*Г. Ивченко*

*К. Бексултанов*

Қарағанды қалалық

мәслихатының

2020 жылғы 25

қарашасы

№ 592

шешіміне қосымша

Қарағанды қалалық

мәслихатының 2014 жылғы

27 қарашадағы № 363

шешімімен бекітілген,

әлеуметтік көмек көрсетудің,

оның мөлшерлерін

белгілеудің және Қарағанды

қаласындағы мұқтаж

азаматтардың жекелеген

санаттарының тізбесін

айқындау Қағидасына

2 қосымша

**Өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)  
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

20\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. Орын алуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген өмірдегі қиын жағдай \_\_\_\_\_

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде:

Р/с№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірдегі қиын жағдай
1	2	3	4	5	6	7	8

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу құны жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдардың, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет)

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет):

---

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

---

---

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	
1	2	3	4	5	6

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

---

---

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйінің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

---

---

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

---

---

---

---

---

---

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолдары) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тексеру жүргізілуден бас тартқан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні \_\_\_\_\_



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК